ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

МЕХАНИКАЛЫҚ ЖОЛМЕН ӨНДІРІЛГЕН АЯҚ КИІМ
Жалпы техникалық шарттар

ОБУВЬ МЕХАНИЧЕСКОГО ПРОИЗВОДСТВА
Общие технические условия

ҚР СТ 1059 – 2002

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

МЕХАНИКАЛЫҚ ЖОЛМЕН ӨНДІРІЛГЕН АЯҚ КИІМ
Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ 1059 – 2002

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1”Жеңіл өнеркәсіп” ҒТИО ЖАҚ № 2 Техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 2002 жылғы 19 шілде № 240 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП КҮШІНЕ ЕНГІЗІЛДІ**

3 БІРІНШІ ТЕКСЕРУДІҢ МЕРЗІМІ **2007 жыл**
ТЕКСЕРУДІҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШҚЫ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің рұқсатынсыз Қазақстан Республикасы аудармағында ресми басылым ретінде жарыққа шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Анықтамалар	2
4	Жалпы техникалық шарттар	2
4.1	Сыныптау	2
4.2	Техникалық талаптары	5
4.3	Қауіпсіздік талаптары	16
5	Қабылдау ережесы	17
6	Сынау әдістері	17
7	Тасымалдау және сақтау	17
8	Дайындаушы кепілдіктері	17
	А Қосымша. Библиография	18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

МЕХАНИКАЛЫҚ ЖОЛМЕН ӨНДІРІЛГЕН АЯҚ КИІМ. Жалпы техникалық шарттар

Енгізілген күні 2003.01.01.

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт өңі хромнан, жасанды және синтетикалық терілерден, тоқыма материалдарынан, сондай-ақ жоғарыда аталған материалдардан құрастырылып механикалық жолмен өндірілген аяққиімге таратылады және олардың өзірленуіне жалпы техникалық талаптарды бекітеді

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ГОСТ 12.1.004-91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 485-82 Аяқ киімнің өңіне арналған юфті. Техникалық шарттар.

ГОСТ 939-88 Аяқ киімнің өңіне арналған былғары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 940-81 Аяқ киімнің астарына арналған былғары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1838-91 Күдеріден тері. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 1903-78 Аяқ киімнің табанына арналған тері. Мойын және қоныштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 3717-84 Күдері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 3927-88 Аяққиім қалпы. Жалпы техникалық талаптар.

ГОСТ 4661-76 Қой терісінен өңделген елтірі. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7065-81 Аяқ киімдік нитро жасанды тері-Т. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7296-81 Аяқ киім. Таңбалау, орау, тасымалдау және сақтау.

ГОСТ 9134-78 Аяқ киім. Табан бөлшектерінің бекітілу беріктігін анықтау әдістері.

ГОСТ 9136-72 Аяқ киім. Өкше және нөлдің бекітілу беріктігін анықтау әдісі.

ГОСТ 9289-78 Аяқ киім. Кабылдау ережелері.

ГОСТ 9290-76 Аяқ киім. Өң бөліктерін бекітетін жіп тігістерінің беріктігін анықтау әдісі.

ГОСТ 9292-82 Аяқ киім. Химиялық әдіспен бекітілген аяқ киім табанының беріктілігін анықтау әдісі.

ГОСТ 9542-89 Аяқ киімдік картон және одан жасалған аяқ киім бөлшектері. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 9705-88 Лакталған аяқ киімдік тері. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9718-88 Аяқ киім. Иілгіштігін анықтау әдісі.

ГОСТ 10124-76 Аяқ киім табанына арналған кеуексіз пластиналар және резеңке бөлшектер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 11373-88 Аяқ киім. Нөмірлері (мөлшері).

ГОСТ 12632-79 Аяққиім табанына арналған кеуекті пластиналар және резеңке бөлшектер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 14226-93 Аяқ киім. Иілгіштік нормалары.

Ресми басылым

ГОСТ 19196-93 Аяқ киімдік мата. Жалпы техникалық шарттар.
ГОСТ 23251-87 Аяқ киім. Терминдер мен анықтамалар.
ГОСТ 28735-90 Аяқ киім. Салмағын анықтау әдісі.

3 Анықтаулар

Осы стандарта терминдер мен анықтамалар ГОСТ 23251 сәйкес қолданылады.

4 Жалпы техникалық талаптар

4.1 Сыныптау

4.1.1 Аяқ киім түрлері, жыныстық топтары, өлшемдері, өкшесінің биіктігі және толықтық саны № 1 кестеде көрсетілген талаптарға сайкес болуы керек.

4.1.2 Жазғы ашық аяқ киімді бір толықтықта өзірлеу тұтынушылармен келісім бойынша рұқсат етіледі.

4.1.3 Аяқ киімнің өкшесінің биіктігі анықталған қалыптың үлгісіне сәйкес болуы керек.

4.1.4 Төмен өкшенің биіктігі коса санағанда 15-25 мм, орташасы - 30 дан 40мм дейін, биігі - қоса санағанда 50-60мм, ерекше биік - 60мм-ден аса болу керек.

4.1.5 Аяққиімің негізгі өлшемі № 2 кестеде көрсетілген нормаларға сайкес болуы керек.

Кесте 1

Аяқ киім түрлері	Аяқ киімнің жыныстық топтары	Өлшемі ГОСТ 11373 бойынша	Өкше	Толық-тық саны
1	2	3	4	5
1 Етік, етіктер, қысқа қонышты етіктер, бәтенкелер, қонышсыз бәтенкелер, басы және өкшесі ашық және басы немесе өкше жақтары ашық немесе жабық жазғы туфлилер, байлама түрлі туфлилер, сандалеттер, опаноктер, мокасиндер.	Еркек аяқ киімдері	24,5-30,5	Аласа	3, жазғы ашық туфли-лер үшін –2
2 Етік, етіктер, қысқа қонышты етіктер, бәтенкелер, қонышсыз бәтенкелер, туфлилер, басы жә-не өкшесі ашық және басы неме-се өкше жақтары ашық немесе жабық жазғы туфлилер, байлама түрлі туфлилер, сандалеттер, опаноктер, мокасиндер.	әйел	21,5-27,5	Аласа, орташа, биік, ерекше биік	3, жазғы ашық туфли-лер үшін –2
3 Етік, етіктер, қысқа қонышты етіктер, бәтен-келер, қонышсыз бәтен-келер, жазғы басы және өкшесі ашық, ашық немесе бас жағы жабық туфлилер, байлама түрлі, сан-далеттер, опаноктер, мокасиндер.	Ербалалар	22,5-24,5	Аласа	3, жазғы ашық туфли-лер үшін -2

4 Етік, етіктер, қысқа етіктер, бәтенкелер, қонышсыз бәтен-келер, жазғы басы ашық және өкшесі де, ашық немесе бас жағы жабық туфлилер, байлама түрлі, сандалеттер, мокасиндер.	Қыз балалар	21,5-24	Аласа, орташа	2
5 Етік, қысқа етіктер, бәтенкелер, қонышсыз бәтенкелер, жазғы басы және өкшесі ашық, немесе бас жағы ашық немесе жабық туфлилер, байлама түрлі, сандалеттер, мокасиндер.	Мектеп жасындағы ер балалар	19,5-22	Аласа	3, туфлилер үшін-2
6 Етіктер, қысқа қонышты етіктер, бәтенкелер, қонышсыз бәтенкелер, жазғы басы және өкшесі ашық, бас жағы ашық немесе жабық туфлилер, байлама түрлі, сандалеттер, мокасиндер, сандалеттер.	Мектеп жасындағы қыз балалар	19,5-21,5	Аласа	2
7 Етіктер, қысқа қонышты етіктер, бәтенкелер, қонышсыз бәтенкелер, жазғы басы және өкшесі ашық, бармақтар жағы ашық немесе жабық туфлилер, сандалеттер.	Балалар	17-19	Аласа	2
8 Етіктер, қысқа қонышты етіктер, бәтенкелер, қонышсыз бәтенкелер, бас жағы ашық жазғы туфлилер, сандалеттер.	Кіші балалар	13,5-16,5	Аласа	2
9 Етіктер, қысқа қонышты етіктер, бәтенкелер, қонышсыз бәтенкелер, туфлилер, сандалеттер.	Нәрестелер	10,5-13	Аласа	1
Ескерту: Тұтынушымен келісілген және қалыптасқан тәртіпте бекітілген үлгілер бойынша, осы кестемен қарастырылмаған аяқ киімнің басқа түрлерін әзірлеу рұқсат етіледі. белгіленуі және күрлысына қарап аяққиім небір түрлі түймеліктермен: сыдырма түймелермен, қапсырмалармен, түймелермен, баулармен, безендіретін таспалармен, шығырлармен, ілгектермен, резеңкелермен және тағы басқалармен әзірленеді.				

Кесте 2

Аяқ киімнің жыныс топтары	Аяқ киімнің негізгі өлшем-дері ГОСТ 11373 бойынша	Бәтенке Биіктігі мм, кем емес	Қонышсыз бәтенке, туфли, сандалет биіктігі мм, кем емес	Хром етіктерінің биіктігі мм, кем емес	Тоқыма және құрас тырылған етік биіктігі мм, кем емес	Қысқа қонышты етіктердің биіктігі мм, кем емес	Етік биіктігі мм, кем емес	Аяқ киімдер өлшемі	Бәтенке, қонышы қысқа бәтенке, етік, қысқа қонышты етік, туфли, сандалет құлшінің биіктігі мм, кем емес	Етік құлшінің артқы тігісінің биіктігі мм, асық емес	Етік құлшінің алдынғы мойын-дағы биіктігі мм, артық емес
1. Еркектердікі	26.5	124	65	410	440	180-205	215-350	26-26.5-27	48	56	43
2. Әйелдердікі	23.5	156	61	345	-	180-200	210-350	23-23.5-24	44	50	37
3. Ер балалардікі	23	114	60	365	-	160-185	195-250	23-23.5-24	44	52	39
4. Қыз балалардікі	22.5	141	60	-	-	160-180	190-240	21.5-22-22.5	42	-	-
5. Мектептік: балаларға қыздарға	21 21	108 134	57 57	320 -	- -	140-160 140-160	170-190 170-190	20-20.5-21 20-20.5-21	40 40	48 -	35 -
6. Балалардікі	18	118	49	-	-	-	150-170	18-18.5-19	36	-	-
7. Кіші балалардікі	15	104	45	-	-	-	140-150	15-15.5-16	32	-	-
8. Нәрестелердікі	12	88	39	-	-	-	120-130	11-11.5-12	26	-	-

Ескертулер:

1 Аяқ киімнің биіктігін бекітілген үлгіге сәйкес тұтыншылармен келісім бойынша өзгерту рұқсат етіледі.

2 Бекітілген тәртіппен белгіленген үлгі бойынша әйелдер етігінің биіктігін 350 мм-ден астам, қыз балалар етігін 240 мм-ден астам әзірлеу рұқсат етіледі..

3 Қондырылған жұмсақ ұлтарақ бар болса және нәресте аяққиімі жіппен тартылса құлшінің биіктігі 4-5 мм көрсетілгеннен кем болуы тиіс.

4 Ашық өкшелі аяққиімнің биіктігі көрсетілгеннен 5-6 мм-ден астам болуы тиіс.

4.1.6 Аяққиімнің шектес номерлерінің биіктігінде: етіктерде-4мм, қысқа етіктерде-3мм, бәтеңкелерде-2мм, қонышсыз бәтеңкеде және туфлиде-1мм, сыдырма түймелі аяққиімді қоспағанда, олардың биіктігінің өзгеруі жөнінде алғашқы өлшеміне байланысты сәнінің құрлыс ерекшілінен өзгешілік болу керек.

4.1.7 Барлық толықтылықта аяққиімнің және күлшінің биіктігі өзгермейді.

4.1.8 Қалыпталған күлшінді колданғанда 2 кестеде көрсетілген аяққиімнің нормасына қарсы күлшінің биіктігін 2 мм астам үлкейтуге рұқсат етіледі.

4.2 Техникалық талаптар

4.2.1 Аяққиім осы стандарттың талаптарына сәйкес қалыптасқан тәртіпте бекітілген технология және үлгілер бойынша әзірленеді.

4.2.2 Аяққиім ГОСТ 3927 бойынша ағаш қалыппен және пластмассалық қалыппен әзірленуі керек.

4.2.2.1 Алды және өкшесі ашық аяққиім ГОСТ 3927 сәйкестелініп арнайы қалыппен әзірленуі керек.

4.2.3 Жылы аяққиімдер жылы аяққиімдерге арналған қалыптармен әзірлену тиіс. Егер дайындама негізгі және жылы қосымша ұлтараққа тартылса, аяққиімді жабық аяққиім үшін арналған қалыптармен әзірлеуге болады.

4.2.4 Аяққиімнің бекітілуі: желіммен, сыздықпен, доппельмен, "Парко" түйреуіштермен (шегемен, бұрандалымен) әртүрлі жабыстырулармен (бүйірін күйдірумен және бүйірін күйдірмей жылытып жабыстырулар, тігіспен-ыстық жабыстырулар және тағы басқалар), құюмен, тігіспен-құюмен, тігіспен-желіммен, ернеулеп тігумен, тігу-желімдеумен, желімдеп тігумен және басқа да жоғарыда санап өткен әдістерді құрастырып бекіту сияқты әдістермен әзірленуі тиіс.

4.2.4.1 Ерлер және ер балалар жылы аяқ киімін тігіс-желіммен әзірлеуге рұқсат етілмейді.

4.2.4.2 Егер табанының құрылымы кеуекті резеңкеден және полиуретаннан болса жылы аяқ киімді құю әдісімен әзірлеу рұқсат етіледі.

4.2.5 Аяққиімнің былғары бөлшектері өңі ГОСТ 939 бойынша былғарыдан, ГОСТ 1838 бойынша нәрестелерге-аяқ киім шевретінен, жазғы ашық әйелдер және қыздар аяққиімі, аяққиімнің өңі былғары ішкі кесіндісінен, ГОСТ 3717 бойынша күдеріден, ГОСТ 9705 бойынша лакталған былғарыдан, ГОСТ 485 бойынша балалар, кіші балалар және нәресте аяққиімдерінен басқа сандалет үшін сандалдық юфтіден, хромдық былғары терінің орта және ауыр өлшемдері, кіші балалар және нәресте аяққиімдерінен және жоғарыда санап өткендерден сапасы кем түспейтін басқа былғарылар болуы тиіс.

4.2.5.1 Сыздықты әдіспен бекітіліп әзірленетін былғары табанды ерлер және әйелдер жабық аяққиім топтарын, нәресте аяқ киімдерін және етіктің маңдай алдына шошқа терісін қолдану рұқсат етілмейді.

4.2.5.2 Былғары табанды ерлер және әйелдер аяққиіміне, биік және ерекше биік өкшелі әйелдер туфлилерінің өңіне кесілген үстіртті ірі қара терісін қолдану рұқсат етілмейді.

4.2.6 Жазғы аяққиімнің жасанды материалдан әзірленетін өң бөлшектері жасанды және синтетикалық былғарыдан, жасанды лактан, жасанды күдеріден, синтетикалық тордан және қалыптасқан тәртіпте бекітілген үлгі бойыншша басқа да жасанды материалдар түрлерінен болады. Жазғы аяққиім өңінің бөлшектерін жасанды материалдарды қос қабаттап (үстін астармен қатырмалауға) ернеуін жоғарғы токтар жиілігімен өңдеп қолдану рұқсат етіледі.

4.2.6.1 Балалар, кіші балалар және нәресте аяққиімнің өңіне, әрлеу бөлшектеріннен басқаларына, жасанды материалдарды қолдануға рұқсат етілмейді,.

4.2.7 Аяқ киім өңінің тоқымалы бөлшектері ГОСТ 19196 бойынша тоқыма материалдардан, сапасы және сыртқы түрі жоғарда көрсетілгеннен кем емес қатырмаланған маталардан және басқа маталардан әзірленуі керек.

4.2.7.1 Тоқыма материалын астарсыз қолдану бекітудің барлық әдістерімен әзірленген жазғы аяқ киім түрлеріне қолдану рұқсат етіледі.

4.2.8 Құрастырылған аяқ киімде:

жұлығы және жіліншілігі тоқымадан болса

- тұмсығы, сірлігі, шығырлаудан белдеуі, тілшігі және артындағы сыртқы белдігі былғарыдан;

-туфлилерде - жарты жұлығы және артқы фигуралық сыртқы белдіктері былғарыдан немесе тұмсық, сірлігі және сыртқы белдігі былғарыдан болу керек.

Тұтынушылармен келісім бойынша құрастырылған аяққиім дайындамасының басқа да конструкциясын қолдануға болады.

4.2.9 Құрастырылған етіктің қонышына ажарланған түкті былғары, сыртқы түрі және физика-механикалық көрсеткіштері жоғарыда көрсетілгеннен кем болмайтын текстовенит, синтетикалық былғары қолдану рұқсат етіледі.

4.2.10 Жылы аяқ киім өңінің тоқыма бөлшектері ГОСТ 13074 бойынша фетрден, жүнді және жүн аралас матадан, жіңішке жүнді киізден, тоқылмайтын материалдан және сапасы мен сыртқы түрі жөнінен жоғарыда көрсетілгеннен кем болмайтын басқа материалдардан әзірленуі керек.

4.2.10.1 Өңі хромдық былғарыдан жасалған жылы аяқ киімнің сірлігін 4.10 тармағында санамаланған материалдан болуы рұқсат етіледі.

4.2.11 Астардың былғары бөлшектері (жұлық-тұмсық әлде өкше бөлігін, көтерме арқылы белдікшені, шығырлау астын, жаға тірегін, ұлтарағын, былғарыдан астарын, ернеуліктерін) ГОСТ 940 бойынша астарлық былғарыдан, өңі бахтарманы жақсылап ажарланған жағдайда, ГОСТ 1838 бойынша кесіндіден және анилинмен әлде жабқыштап бояу арқылы жақсылап ажарланған жағдайда астарлық кесіндіден немесе басқа былғарыдан пішілуі керек.

4.2.12 Тоқыма астар ГОСТ 19196 бойынша тік-сарждан, диагоналдан және сыртқы түрі және физикалық механикалық көрсеткіштері жоғарыда көрсетілгеннен кем емес басқа материалдан болуы керек.

4.2.12.1 Етіктің жұлығы мен астарына астарлық былғарыны, астарлық кесіндіні, кебістік палатканы, қос қабатталған кирзаны қолдануға болады.

4.2.12.2 Аяқ киімнің өңіне төзімді боялған былғарыдан жасалған астыңғы шығырлауды, ернеуліктерді және тоқыма баудан жасалған жаға тірегін қолдануға болады.

4.2.12.3 Аяқ киім тілшігі астарлы болу керек.

4.2.12.4 Қалыңдығы 0,6 мм-ден артық тығыз былғарыдан жасалған тілшікті астарсыз аяқ киімнен басқа жылы аяқ киімге пайдалануға болады.

4.2.12.5 Кіші балалардың және нәрестелерге арналған аяқ киімдерден басқа жылы аяқ киімдерде ішкі кеңейтілген белдікше (сірліктің ортанғы қанатына дейін) немесе қалталар қолдану керек.

4.2.12.6 Өңіне тоқыма және құрастырылған материал салынған аяқ киімнің өкше бөлігінің астына, ішкі белдігіне немесе қалтасына аяққиімнің өңіне жасанды астарлық былғарыдан және жасанды футор материалдан астар қолдану рұқсат етіледі..

4.2.12.7 Жазғы аяққиім өңінің бөлшектері тескішпен диаметрі 5 мм-ден астам тесілген болса былғары астары бір тұтас болу керек.

4.2.13 Тұтынушылармен келісілген үлгі бойынша жасанды және синтетикалық былғарыдан астарды табаны жасанды материалдардан жасалған келесі аяққиім түрлеріне: өңі хромнан, жасанды және синтетикалық былғарыдан жасалған жазғы туфлилердің барлық түрлері, сандалеттің өкше бөлімінде, астарсыз аяққиімде қолдануға болады.

4.2.13.1 Оқушылар, балалар, кіші балалар және нәрестеаяқ киімнің астарына жасанды және синтетикалық былғары қолдану рұқсат етілмейді.

4.2.13.2 Өңі жасанды былғарыдан жасалған белдіктер түрлі аяқ киімдерге астар ретінде белдіктердің шеткі жағы түйстіріліп өңділік материал бола алады.

4.2.14 Жылы аяққиімнің астары, тілшігінің астары ГОСТ 4661 бойынша таза түкті былғарыдан, сыртқы түрі және физика-механикалық жоғарыда көрсетілгеннен кем емес жасанды түкті былғарыдан, жүнді және жүн аралас маталардан және басқа материалдан болу керек.

4.2.14.1 Жасанды түкті былғарыны кіші балалар және нәрестелер аяқ киімдеріне қолдану рұқсат етілмейді. Балалар аяқ киімінде сіңдірілмеген жасанды түкті былғары қолдану рұқсат етіледі.

4.2.14.2 Жылы аяққиімнің былғары жаға тірегінің орнына жұрының үстінгі шеті қайыруылып, айналдырылып немесе торланып өңделіп жасанды түкті былғарыдан жұрын қолдануға болады.

4.2.14.3 Жылы аралық төсемі бар, сондай-ақ балалар, кіші балалар және нәрестелер аяқ киіміне былғары жаға тірегін қолдану міндетті емес.

4.2.14.4 Әйелдер және қыздар етіктерінің ішкі кеңейтілген белдігі биіктігі 10 см. кем емес астарлық былғарыдан болуы керек.

4.2.14.5 Сыдырма түймелі етікті және қысқа қонышты етікті жасағанда түймесі өң материалынан немесе астарлық былғарыдан жасалған қақпақшамен аяқтан жабық болуы тиіс.

4.2.15 Қосымша ұлтарақтар, жарты ұлтарақтар, өкше тіректері ГОСТ 940 және ГОСТ 939 бойынша хромдық былғарыдан, ГОСТ 19196 бойынша тоқыма материалдардан, белгіленген тәртіппен бекітілген үлгі бойынша өндірілген аяқ киімнің кесіндісінен, жасанды және синтетикалық астарлықты былғарыдан, ал балалар және кіші балалар аяққиімінде тек табиғы былғарыдан және материалдардан болуы керек.

Аяққиімнің барлық бекіту әдістері металдық және жіппен бекіткенде ол ұлтарақ арқылы өткенде, негізгі ұлтарағы жасанды материалдан және негізгі ұлтарақсыз болғанда қосымша ұлтарақ болуы тиіс.

4.2.15.1 Аяққиімді негізгі ұлтарағы былғарымен шегесіз тартылғанда қосымша ұлтарақ болуы міндетті емес, шегемен тартылғанда өкше бөлімін әлде өкшені металл бекітушімен бекіткенде өкше тірегін, ал туфлиге жартылай ұлтан қолдану керек.

4.2.15.2 былғары табанды аяқ киімде қосымша ұлтарағы, жартылай ұлтаны, өкшенің тірегі астарлық былғарыдан әлде кесіндіден болу керек.

4.2.15.3 негізгі ұлтарағы тексоннан, СЦМ (ұлтарақтық целлюлоза материал) және корполоннан және тоқымадан желімделмеген картоннан болған аяқ киімде қосымша ұлтарағы болуы тиіс.

4.2.15.4 Аяққиімнің табаны жасанды материалдан болса, нәресте, балалар және кіші балалар аяққиімдерден басқасының қосымша ұлтарағы былғарыдан және тоқымадан, ал жартылай ұлтаңдары және өкше тіректері жасанды және синтетикалық былғарыдан болуы тиіс. Ерлер, балалар, кіші балалар және нәрестелер аяқ киімінен басқа аяқ киімде тоқымадан қосымша ұлтарақ қолдануға рұқсат етіледі.

4.2.15.5 Жазғы аяққиімнің өңі жасанды және синтетикалық былғарыдан болса, қосымша ұлтарақ жасанды және синтетикалық астарлық былғарыдан немесе аяқ киім өңіне арналған жасанды былғарыдан болуы рұқсат етіледі.

4.2.15.6 Астарсыз аяқ киімде, жазғы туфлилерде және сандалеттерде табаны жасанды және синтетикалық астарлық былғарыдан болса, қосымша ұлтарақтар, жартылай ұлтандар және өкше тіректер жасанды және синтетикалық астарлық былғарыдан болуы рұқсат етіледі.

4.2.15.7 Жылы аяқ киімде қосымша ұлтарақ ГОСТ 4661 бойынша жүнді және жүн аралас матадан, киізден, жасанды түкті былғарыдан, табиғи түкті былғарыдан, және сапасы мен сыртқы түрі жоғарғы көрсетілгендерден кем емес басқа материалдардан болуы керек.

4.2.15.8 Жылы аяқ киімдегі қосымша ұлтарақ қалыңдығы 0,6-0,9 мм былғары картонмен қаттылануы немесе былғарының беткі кесіндісінен болуы тиіс және айналдырыла тігілген болуы керек. Қалыңдығы 2,5 мм кем емес киізден әзірленген қосымша ұлтарақ картонсыз, қатырлаусыз қолданылады.

4.2.16 Аяқ киімде бүкпелі ұлтарақ үшін ГОСТ 940 бойынша былғарылар, ГОСТ 19196 бойынша казеинмен жабылған былғарыдан, қос қабаттық кирзадан, кебіс палаткадан басқа астарлық кесінді, аяққиімнің өңіне арналған былғары және сыртқы түрі және физика-механикалық көрсеткіштері жоғарыда көрсетілгендерден кем емес басқа да астарлық матамен қатырланған, аяқ киімнің өңіне арналған аяқ киімдік маталарды қолдану рұқсат етіледі.

4.2.16.1 Тоқымалы бүкпелі ұлтарақ салынған ашық аяқ киімде өкше тірегі және алдыңғы сірлігі жасанды және табиғи былғарыдан болуы тиіс. Өңі жасанды және синтетикалық былғарыдан жазғы аяқ киімге өң үшін жасалған жасанды материалдардан бүкпелі ұлтарақ салынуы рұқсат етіледі.

4.2.16.2 Ашық аяқ киімде жұмсақ өкше тірегі паралоннан және басқа жұмсақ материалдардан болуы тиіс.

4.2.17 Аяқ киімде ГОСТ 19196 бойынша бөзден, бумазей-кордтан, миткалден, "малимо", кендірлі саржадан және сыртқы түрі мен физика-механикалық көрсеткіштері жоғарыда көрсетілген басқа материалдардан кем емес астар аралығы болуы керек. "Малимо" матасын тек қана аяққиімнің қонышына және жіліншікте астарлыққа қолдану рұқсат етіледі.

4.2.17.1 Өңдердің бөлшектері: ерлер және балалар аяқ киімінде жұлығының толықтығы 1,1 мм ден аздау, қалған аяққиімдер жыныс топтары үшін толықтығы 0,8 мм-ден аздау, жіліншілікте және сірлікте толықтығы 0,7 мм-ден аздау, барлық аяққиім жыныс топтарында астар аралықпен желімделуі тиіс.

Астар аралықпен желімделетін шошқа былғарысынан жасалған өңдер бөлшектерінің толықтығы жоғарыда көрсетілгендегіден 0,1 мм-ге артық болуы тиіс.

Шевродан, шевреттен және ешкі былғарысынан жасалған бөлшектер толықтылығына қарамай астар аралықпен желімделуі тиіс.

4.2.17.2 Аяқ киімде қатырмаланған өңі тоқыма және былғарыдан болса, тегіс былғары астары болса және аяқ киімнің астары түкті табиғи былғарыдан болғанда астар аралық қолданылмайды.

4.2.17.3 Қатырмаланған тоқыма материалдарды, сондай-ақ екі-үш қатарлы құрылымды маталар аяқ киімде астарсыз, астар аралықсыз, бүйіршесіз, аралық шығырлаусыз қолданылады.

4.2.17.4 Астардың, астар аралықтың және бүйіршеліктердің бар болғаны жағдайында аяққиім өңінің бөлшектері біркелкі матадан қолданылады.

4.2.18 Аяққиімнің бүйіршілер және аралық шығырлаушылары берік аяқ киім маталардан: бумазей-кордадан, екі жіптіктен, аппреттелген арнаулы диагоналдан және аппреттенген тик-саржадан болуы тиіс.

4.2.18.1 Бүйіршіліктердің: жазғы ашық аяқ киімде, тегіс былғары астарлы аяқ киімде, өндері жартылай теріліктен, бұзау, сиыр, бұқа терісінен (ерлердікінен басқа) аяқ киімде, астар аралығы бумазей-кордтан және астары түкті былғарыдан аяқ киімде, өңі тоқыма материалдармен қатырмаланған, және былғарылық бөлшектері қатырмаланған аяқ киім, сондай-ақ нәрестелік аяқ киімде болуы міндетті емес.

4.2.19 Аяққиімнің өң бөлшектерінің барлық материалдардан жасалған сыртқы ернеуі қайырумен, кесумен, айналдырумен, күйдірумен, жиектеумен, ыстықпен қалыптастырумен, жоғарғы токтар жиілігімен (ЖТЖ) өңделуі тиіс.

4.2.19.1 Аяқ киімнің өң бөлшектерінің алдыңғы және жоғарғы ернеуі қайырумен, айналдырумен, жиектеумен өңделуі тиіс.

Жиектеу үшін, келесі материалдар: жазғы аяққиімде - табиғи, жасанды және синтетикалық былғары, аяққиім өңінен мата, мақта-мата, жібек, капрон, былғары түрлес ызбалар, поливинилхлорид жиектеулік материал; жылы аяқ киімде - түкті жұрын және басқалар - тұтынушылармен келісім бойынша қолданылады.

4.2.19.2 Тұтынушылармен келісім бойынша аяқ киім өңінің бөлшектерінің алдыңғы ернеуін кесіндеумен өңдеуге кейбір моделдерді: өңі сиырдың, бұзаудың, бұқаның, жылқының және шошқа терісінен, жартылай былғарыдан, аяқ киім өңінің тығыз кесіндісінен; өңі ешкі және қой былғарысынан нәресте аяқ киімін - күйдірумен және ыстық қалыптастырумен, балалар және кіші балалар аяққиімдерінің өңі қой былғарысынан әзірлеуге рұқсат етіледі.

Өңі фетрден және жіңішке жүнді киізден жасалған балалардың, кіші балалардың және нәрестелер аяқ киімдерінің өң бөлшектерінің алдыңғы ернеуін шабумен әлде кесумен өңдеуге рұқсат етіледі.

4.2.19.3 Өңі жақсартылған шошқа хромынан, хромдық былғарыдан және орта, ауыр өлшемелерден және кесіндіден толықтығы 1,3 мм-ден кем емес сандалеттердің үстінгі көрініп тұрған ернеуін өңдеген жағдайда кесу рұқсат етіледі.

Өңінің бөлшектері кесумен өңделген былғары аяққиімнің сыртқы ернеуі таза, түзу, толықтығы тегіс және өңінің түрімен боялған болуы керек. Ашық аяқ киімнің өңінің бөлшектерінің өңделуі кесумен болса бояу міндетті емес.

4.2.19.4 Тоқыма материалдардан болған өңінің бөлшектері міндетті түрде қайыру, айналдыру, әртүрлі материалдармен жасалған ызбамен жиектеліп өңделуі тиіс.

4.2.19.5 Өңінің бөлшектерінің негізі, жасанды лақтан және жасанды күдеріден болған аяқ киімнің алдыңғы және үстінгі ернеуі міндетті түрде қайырумен, әртүрлі материалдардан жасалған ызбамен жиектеумен, айналдырумен, токтың жоғарғы жиілігімен (ЖТЖ) өңделуі тиіс, ал қалған бөлшектердің ернеулерін кесумен және шабумен өңдеуге рұқсат беріледі.

4.2.19.6 Бөлшектердің ернеулері жасанды былғарыдан және лактан, тоқылмайтын негіздегі және синтетикалық былғарыдан болғанда кесумен бөлшектердің ернеуін, бояумен немесе олардың ернеуін өңдеп ерітумен өңдеуге болады, ал үстіңгі шеттігін бүктеумен, айналдырумен, жиектеумен жасалуы тиіс.

4.2.20 Астардық ернеу міндетті түрде бүктеліп, айналдырылып немесе кесіліп өңделуі тиіс.

4.2.20.1 Былғары астардың, негізі токылмайтын талшықтан жасанды және синтетикалық былғары астардың шетін бүктеу міндетті емес. Астардың ернеуі өңнің ернеуінен шығып тұрмауы керек.

4.2.20.2 Өкше бөлігіндегі тоқыма материалдан, негізі матадан болған жасанды және синтетикалық былғарыдан жасалған астардың үстіңгі ернеуі міндетті түрде бүктеумен, айналдырумен немесе жиектеумен, ал футордан болса қырқумен өңделуі тиіс.

4.2.21 Үстінгі және алдынғы ернеудегі былғары жаға тірегі, шығырлаулар және ілгекті нығайту астары, сіңірілген жасанды түкті токымадан жасалған астарлық кесумен немесе айналдырумен өңделуі керек.

4.2.22 Өңі жасанды және синтетикалық былғарыдан жасалған аяқ киім дайындалмасының бөлшектерін жоғары токтар жиілігімен біріктіру рұқсат етіледі. Көрсетілген тігістердің беріктігі 3 кестеде көрсетілгеннен төмен болмауы тиіс. Жіптік тігіске ұқсатып жоғары токтар жиілігімен безендіріп кондыру рұқсат етіледі.

4.2.23 Ұлтандар:

ГОСТ 1903 бойынша ірі қара малдың терісінен, жылқының сауыр және арқа терісінен, иілімді былғардан;

ГОСТ 10124 бойынша қалыпқа келтірілген және пластиналық резеңкеден;

ГОСТ 12636 бойынша маркалары В және ВШ кеуекті резеңкеден;

"кожволон", "стиронип", "транспорент" резеңкеден;

иілгіш материалдан және полиуретаннан және тұтынушылармен келісім бойынша басқа резеңкелер түрлерінен және қалыпқа келтірілген бөлшектерден болуы тиіс.

4.2.23.1 Жіптік әдіспен бекітілген аяқ киімдерге ГОСТ 12632 бойынша Б және БШ маркалы кеуекті резина қолдану рұқсат етіледі.

4.2.23.2 Балалар, кіші балалар және нәрестелік аяқ киімнен басқа былғары ұлтанды және табаны тегіс "кожволон" резинадан жылы аяқ киімнің тұмсық-орталау бөлігінде резеңкеден жапсырмасы болуы тиіс. Былғары ұлтанды балалардың және кіші балалардың жылы аяқ киімі, өңі киізден әлде фетрден жасалған нәрестелік жылы аяқ киімнің ұлтанына резинадан жапсырма жапсыру рұқсат етіледі.

4.2.23.3 Өңі матадан, киізден және фетрден жасалған жылы аяқ киімнің ұлтанын киіз қабатымен және резеңке қабатымен құрастыру рұқсат етіледі.

4.2.23.4 Балалар және кіші балалар жылы аяққиімдерінде ГОСТ12632 бойынша "В" маркалы кеуекті резинадан ұлтанның болуы рұқсат етіледі. Аяққиім жіптік және желімдік әдіспен бекітілсе міндетті түрде былғарыдан орта ұлтан қолданылуы керек, ал аяққиімнің өңі шұға-жүнді матадан болса орта ұлтанға киіздің болуы рұқсат етіледі.

Жемідеу әдісімен бекітілгенде орта ұлтансыз негізгі құрастырылған ұлтарақ (киз және былғары) қолдану, ал тігістік-желімдеу әдісімен біріктіру болғанда құрастырылған платформа қолдану рұқсат етіледі.

4.2.23.5 Аяқ киімнің былғары ұлтанының өкше бөлігінде өкше ұзындығынан 2/3 артық емес табиғи былғарыдан, пластбылғарыдан, "кожволон" резеңкеден тіреудің болуы рұқсат етіледі.

Тозбауға тұрақты резинадан өкше немесе нәл қолданғанда өкшенің оймасына 15мм ден кем емес кіретін қысқартылған ұлтан қолдану рұқсат етіледі..

4.2.24 Барлық белгілеулі және оларды біріктіру әдісті аяқ киімдердің барлығында негізгі ұлтарағы болуы тиіс.

Негізгі ұлтарақтар:

ГОСТ 1903 бойынша ірі кара малдың терісінен, жылқының сауыр және шошқа терісінен, қайыстың қырқындысынан және қатты былғарының жұқаламасынан;

үлгі бойынша ұлтарақтық жасанды материалдардан (тексон);

талшықталған кеуектелген коллагеннен (корполон) ұлтарақтық материалынан;

ұлтарақтық целлюлоздық материалдардан (СЦМ);

ГОСТ 9542 бойынша аяққиім картоннан болуы тиіс.

4.2.24.1 Былғары ұлтарақтар балалар, кіші балалар және нәрестелер аяқ киімінде және былғары ұлтанды аяқ киімде болуы тиіс.

Жылы астарлы және былғары ұлтанды аяққиімнен басқаларында аяққиімді желімдеп бекіту әдісімен желімдей тартып ұлтарақты ұлтарақтық жасанды материалдан (тексон), ұлтарақтық- целлюлоздық материалдан (СЦМ) қолдану рұқсат етіледі.

Сыздықтық, сыздықтық-желімдік, желімдік (желімдемен тартылған) аяқ киімдерді біріктіру әдістерінде ұлтарақ үшін материалы талшықталып кеуектелген коллагеннен (корполан) ұлтарақ қолдануға рұқсат етіледі.

4.2.21.2 Жылы аяқ киімнен басқа, табаны резеңке, өңі шошқа терісінен, жасанды материалдардан, қырқындыдан, тоқымадан құрастырылған аяқ киімдер ұлтарағы ГОСТ 9542 бойынша С-1 маркалы аяқ киім картонынан немесе нормативтік-техникалық құжаттармен рұқсат етілген, сапасы көрсетілгеннен кем түспейтін басқа маркалы картоннан, былғары мен картоннан құрастырылған ұлтанның болуы рұқсат етіледі.

4.2.21.3 Табаны қалыптасылған "стиронип", "транспорент" және "кожволон" резиналы жылы аяқ киім ұлтарағы үшін қалыңдығы 3,0-3,5 мм (аяққа) киізден және былғарыдан құрлыстырылған негізгі ұлтарақ қолданылуы тиіс.

4.2.21.4 Жазғы ашық аяқ киімде негізгі ұлтарақтың қыры ұзына бойына ызбамен, өң материалымен немесе астарымен желімделуі тиіс. Тұтынушылармен келісім бойынша қыры әрлеумен өңделінсе материалмен желімделмей былғары ұлтарақ қолдану рұқсат етіледі

4.2.21.5 Балалар және кіші балалар аяқ киімінде негізгі ұлтарақ орнына шолақ ұлтарақты тігістік доппельдік әдісіпен біріктіріп өзірлеу рұқсат етіледі. "Парко", сонымен қатар "Мокасиндер" және "опанкілер" әдісті аяқ киімдерді тұтынушылармен келісім бойынша негізгі ұлтарақсыз өзірлеу рұқсат етіледі.

4.2.21.6 Қадаулық (екі жіптік), желімдеу, доппельдік, "парко" әдісімен біріктірілген кіші балалар және нәресте аяқ киімінде жуандығы 1.8мм ден кем емес аяқ киімнің өңі үшін кесіндіден және шошқа терісінен жасалған негізгі ұлтарақтың болуы рұқсат етіледі.

4.2.21.7 Жіптік және желімдеумен тартылған нәресте аяқ киімінде негізгі былғары ұлтарақ орнына тұтынушылармен келісім бойынша 2,0 мм ден кем емес аяқ киім құрастырылған ұлтарақ киізден, шұғадан, тоқылмайтын, тоқыма материалдан және астарлық материалдан өзірлеуге рұқсат етіледі.

4.2.21.8 Ұлтарағы тері ауыстырғыш қолданылатынан аяққиімнің шегемен өкше бөлшегін тартқанда, шегелеу әдісімен өкшелерді біріктіргенде және аяққиімнің орта, биік және ерекше биік өкшелердің өкше бөлігі былғары әлде былғары картондық өкше тірегімен нығайтылуы тиіс.

Жартылай ұлтарағы қатты ұлтарақ болса қатты өкше тірегінің болуы міндетті емес.

4.2.22 Тігістікпен желімделген аяққиімнің платформасын ГОСТ 9542 бойынша табандық былғарыдан, аяққиім картонынан, киізден, тоздан, тоздың қиқымынан, қатты былғарының жұқаламасынан, қатты былғарының қырқындысынан, СЦМ, корполоннан, тексоннан және сапасы жоғарыда санап өткендегіден кем емес басқа материалдардан әзірлейді.

4.2.22.1 Тұтынушылармен келісім бойынша желімделген аяққиімнің "тоз сияқты" резинадан немесе қаптаулы және қаптаусыз басқа да резинаның жаңа түрлерінен платформасы болуы рұқсат етіледі.

балалар, кіші балалар және нәрестелер аяқ киімінің платформасы былғарыдан немесе киізден болуы тиіс.

Балалар және кіші балалар аяқ киімінің платформасын ГОСТ 9542 бойынша ПЛ маркалы картоннан әзірлеуге рұқсат етіледі.

4.2.23 Аяқ киімнің алдынғы сірлігі аяқ киімнің табаны үшін жасалған былғарыдан, гранитольден ГОСТ 7065 бойынша мофориннен, қалыптылықты сақтай алатын иілмелі, және термопластикалық материалдан болуы тиіс.

4.2.23.1 Балалар, кіші балалар және нәрестелер, сонымен қатар тоқыма аяқ киімдерінен басқаларға мочевиноформальдегидтік шайырды бекіту арқылы мата сумен араласқанда аммиакті және формальдегидті бөліндірмейтін аяқ киімдердің барлық белгілеулері үшін мофориндік алдыңғы сірліктерді қолдану рұқсат етіледі.

4.2.23.2 нәрестелік аяқ киімнен басқасында гранитольдік алдыңғы сірі барлық белгілеулі аяқ киімдерде қолданылады.

4.2.23.3 Түйреулік және сыздық әдістермен біріктірілген аяққиім қатты алдынғы сірлікпен әзерленеді.

4.2.23.4 Илімді қалыпты сақтай алатын алдынғы сірілік (соның ішінде термопластикалық материалдардан):

өңі тоқыма;

өңі астарсыз;

тұтынушылармен келісім бойынша - өңі былғарыдан аяққиімде қолданылады.

4.2.23.5 Нәрестелер аяқ киімінде, матадан қатырмаланған аяққиімінде, әйелдер, ерлер және балалар аяқ киіміндерінен басқа тегіс былғарыдан астарлы аяққиімінде алдынғы сіріліктің болуы міндетті емес.

4.23.6 Дайын аяққиімде алдынғы сірілік иілімді және термопластикалық материалдардан болуы, серпімді және нысанын өзгертпеуі тиіс.

4.2.23.7 Жұлыққа жақын жатқан тұмсығының 1/3 ұзындығынан басқа алдынғы қатты сірілік аяқ киімде берік болуы керек. Кіші балалар аяққиімінің алдыңғы сірілігінен басқа алдынғы сірліктің жалпы нысанының өзгеруі 2,5 мм артық болмауы керек.

4.2.24 Аяққиімнің артқы сіріліктері:

ГОСТ 1903 бойынша аяққиімнің табандық былғарыдан;

3-2 және 3-1 маркалы нысандалған және жартылай нысандалған картоннан, 90-100% мөлшерінде кожволон бар картоннан;

ГОСТ 7065 бойынша гранитольдан;

термопластикалық материалдардан;

жабыстырылған резеңкеден болуы тиіс.

4.2.24.1 А1 маркалы картоннан нысандалған артқы сіріліктерді етіктер, балалардың, кіші балалардың және нәрестелер аяқ киімінен басқа барлық аяқ киім түрлерінде болуы рұқсат етіледі.

4.2.24.2 Гранитольден артқы сіріліктер нәрестелердікінен басқа аяқ киімдердің барлық жыныс топтарында қолданылады; термопластикалық арткы сірілік нәрестелер және жылытып жабыстыру әдісімен әзірленген аяқ киімдерден басқа аяққиімдерде қолдану рұқсат етіледі. Жылытып жабыстыру әдісімен дайындалған аяқ киімге артқы сірілігін жабыстырылған резеңкеден қолдану рұқсат етіледі.

4.2.24.3 Нәресте аяқ киімінің артқы сірілігі тек былғарыдан болуы тиіс.

4.2.24.4 Астарсыз аяқ киімдерде артқы сіріліктің қанаты өкшенің мандай алдына кіруі тиіс.

4.2.24.5 Дайын аяққиімнің артқы сіріліктері үстінгі қырынан артқы сіріліктен жоғарғы 18-20мм аралығында және артқы жағынан 18-25мм аралығы қанатындағы қыры барлық бөлшектерде берік болуы тиіс.

Артқы сіріліктерді бармақтармен басқан кезде оның жарты биіктігіне дейін нысанын өзгертпеуі тиіс, қолды алған кезде артқы сіріліктер қайта алдынғы нысанына келуі тиіс.

4.2.24.6 Артқы сіріліктер нықталып өң материалына, астарға желімделенуі және өкшенің қырында салбырап тұрмауы керек.

4.2.24.7 Аяққиімнің қатты артқы сіріліктерінің жалпы нысанының өзгеруі кіші балалардың және нәрестелер аяққиімдерінің артқы сіріліктерінен басқалары 3,0мм ден артуы тиіс емес.

4.2.24.8 кіші балалар және нәрестелер аяққиімінің сіріліктерінен басқа қаттылығы төмен материалдардан былғары ұлтаны бар аяқ киімнің сіріліктерінің жалпы майысуы 3,2мм ден аспауы керек. Резеңке ұлтарақты аяқ киімдердің жалпы нысанының өзгеру өлшемі көрсетілген артқы сіріліктерден 5,0мм артық болмауы тиіс.

4.2.25 Аяққиімнің өкшесі ағаштан, синтетикалық материалдармен қапталған және қапталмаған, резиналық кеуекті пластинадан, ГОСТ 12632 бойынша мөртабандалған және нысандалған және ГОСТ 10124 бойынша "тоз сияқты" кеуектелмеген резеңкеден қапталып және қапталмай нысандалған, теріден және жартылай резеңке өкшелі теріден, табиғи тозбен және тұтынушылармен келісім бойынша басқа да түрлі материалдардан болуы тиіс.

4.2.25.1 Ыстықпен жабыстырылған аяқ киімнің резеңке өкшесі қосымша ағаштан, картоннан және басқа материалдардан болуы мүмкін. былғары ұлтанды Жай өкшелі аяқ киімге тығыздығы 0,7г/см-ден артық емес резеңкеден өкше қолдану рұқсат етіледі.

4.2.25.2 Аяққиім сына тәрізді өкшесімен нысандалған ұлтанды қолданғанда нәлдің орнына толықталған нәл жағының ұлтан болуы рұқсат етіледі.

4.2.26 Аяққиімнің нәлдері ГОСТ 10124, ГОСТ 12632 бойынша резеңкеден, тозуға төзімді резеңкеден, синтетикалық және тұтынушылармен келісім бойынша басқа материалдан болу керек.

Нәрестелер аяққиімдернің нәлдері былғарыдан болуы керек.

4.2.27 Өкше бөлігін қамтитын сына тәрізді аяқ киімдерде супинатор қолданылмайды.

4.2.28 Өңнің материалы біркелкі жалтырақ болуы тиіс. Өкшелер және ұлтандар біртекті болуы тиіс.Ұлтанның және өкшелердің түсі және суреті үйлесімді болуы тиіс және бекітілген үлгіге сәйкес болуы керек. Егер қос аяқ киімде түсі бірқалыпты болса ұлтанды өңдеу табиғи болуы тиіс.

4.2.28.1 Қосымша ұлтарақтың, жартылай ұлтарақтың, өкше тірегі және алдынғы сірінің түсі астармен үйлесімді болуы керек.

4.2.28.2 Аяққиімнің ұлтаны, өңнің материалы және астары кірленбеуі, дақсыз, бүрмесіз және әжімсіз болуы тиіс.

4.2.28.3 Аяқ киімнің өкшелі және тұмсық бөлшегі жаксылап нысандалған болуы керек.

4.2.28.4 Нәлді шегелейтін шегенің бүркеншігі бірыңғай бекітілген болуы керек.

4.2.29 Аяққиімді тегіс жазықтыққа қойғанда өкшесі барлық нәлдің қозғалатын бетімен тұруы, алдыңғы табаны- түгелдей сүйелуі тиіс.

4.2.30 Дайындаманың бөлшектерін бекіту тігістерінің беріктігі 3 кестеде көрсетілген нормаларға сәйкес болуы керек.

4.2.30.1 Дайындаманың бөлшектерін желімдеп бекіту рұқсат етіледі, тігістердің беріктігі 3 кестеде көрсетілгеннен төмен болмауы керек.

4.2.31 Аяқ киім ұлтанының тері және тоқымалы өңімен желіммен бекітілуінің беріктігі 4 кестеде көрсетілген нормаларға сәйкес болуы керек.

4.2.32 Аяқ киім ұлтанының жасанды және синтетикалық былғарыдан және жасанды лакты өңімен желіммен бекітілуінің беріктігі 5 кестеде көрсетілген нормаларға сәйкес болуы керек.

4.2.33 Аяқ киім ұлтанының ыстық жабыстыру және құю әдістерімен хромдық былғары өңімен бекітілгенде бекітілуінің беріктігі 6 кестеде көрсетілген нормаларға сәйкес болуы керек.

4.2.34 Сызықтық және доппельдік аяқ киімнің өңі мен табандар бөлшектерінің бекітілу төзімділігі 7 кестеде көрсетілген нормаларға сәйкес болуы керек.

4.2.35 Аяққиім өңінің бұрандамалық және шегелеу әдісімен табанмен бекітілген бөлшектерінің бекітілген төзімділігі 8 кестеде көрсетілген нормаларға сәйкес болуы керек.

4.2.36 Аяқ киім өкшесінің бекітілу беріктігі 9 кестеде көрсетілген нормаларға сәйкес болуы керек.

4.2.37 Аяқ киімнің иілгіштік нормасы ГОСТ 14226 талаптарына сәйкес болуы керек.

4.2.38 Аяқ киім салмағының нормасы ГОСТ 28735 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4.2.39 Аяққиім таза, дақсыз, бүрмесіз, әжімсіз болу керек. Дайын аяқ киім жұп болуы тиіс. Барлық аттас бөлшектері қос, бірдей тығыздықты, жуандықты, нысанды, өлшемді, түсті және өрнектерінің суреттері бірдей болуы керек.

Аяққиім балтыр бөлігінде орнықты болуы керек.

4.2.40 Шығырлар, ілмектер, түймелер, баулар, жіптер және басқада фурнитуралар өңнің материалымен немесе аяқ киімнің өңдеуімен үйлесімді болуы тиіс.

4.2.41 Аяққиімнің баулары жібектен, жартылай жібектен, мақта- матадан, ызбадан және тұтынушылармен келісім бойынша басқалардан болуы керек.

Кесте 3

Дайындаманың материалы	1см-ге тігіс ұзындығында, Н (ньютон) үзу күші			Сынау әдістері
	Бір қабат тігісте	Екі қабат тігісте	Екіден артық тігісте	
1 Жеңіл, орташа және ауыр хромдық бұзау, былғарысы, таналық, жартылай теріден; сиыр былғарысы; еркек тана, шошқа былғарысы; тоқыма құрастырылған хромдық былғарымен; тоқыма	7.5	10.0	12.0	ГОСТ 9290 бойынша
2 Шевро; теке былғарысы; қой былғарысы; мақпал; кесінді; лак	6.0	7.0	7.5	ГОСТ 9290 бойынша
3 Жасанды былғарысымен жасанды тері	6.5	7.5	8.5	ГОСТ 9290

Кесте 4

Ұлтандық материал	Сыңар аяқ киімнің бекітілу беріктігі, Н, кем емес	Сынаудың әдістері
1 Былғары	12.0	ГОСТ 9292 бойынша
2 Былғары (нәрестелерге)	5.0	ГОСТ 9292 бойынша
3 Резеңке (кожволокон)	14.0	ГОСТ 9292 бойынша
4 Резина (стиранип) және (транспорент)	12.0	ГОСТ 9292 бойынша
5 Турлі түсті кеуектелген резеңке	16.0	ГОСТ 9292 бойынша
6 Қара кеуектелмеген резеңке	13.0	ГОСТ 9292 бойынша

Кесте 5

Ұлтандық материал	Сыңар аяқ киімнің бекітілу беріктігі, н, кем емес	Сынаудың әдістері
1Резина:		
“кеуектелген”	12,0	ГОСТ 9292 бойынша
“кожволон”	12,0	ГОСТ 9292 бойынша

Кесте 6

Ұлтандық материал	Бекіту әдістері	Сыңар аяқ киімнің бекітілу беріктігі, н, кем емес	Сынаудың әдістері
1Бүтін құрлысты резина	Жылытылып жабыстырылған	14.0	ГОСТ 9292 бойынша
2 кеуектелген түрлі түсті резеңке	сондай	16.0	ГОСТ 9292 бойынша
3 кеуектелмеген қара резеңке	сондай	15.0	ГОСТ 9292 бойынша
4 Пластикат ПВХ полиуретан, полиэластопласт	құю	14.0	ГОСТ 9292 бойынша

Ескерту:

1 Аяқ киімнің өңі жасанды былғарыдан жылытып жабыстыру және құю әдістерімен ұлтанды бекіту беріктігі 12,0 н кем емес; аяқ киімнің өңі тоқыма материалдан болғанда 10 н болуы тиіс.

2 Ұлтанды қара мен түрлі түсті кеуектелген резеңкемен өңі кесінді- мақпалдан және тоқыма материалдардан тігістік – жылытып жабыстырумен бүйірінен сықтақтап және онсыз бекіткендегі төзімділігі 12 н кем емес болуы тиіс.

Кесте 7

Ұлтандық материал	Бекітілетін бөлшектер	Тігістің бекітілу беріктілігі, кгс/см кем емес	Сынаудың әдістері
1Түрлі түсті кеуектелген резеңке	Сыздық ұлтанымен (кезеуленген)	9.5	ГОСТ 9134 бойынша
2Қара кеуектелген резеңке	сондай	12.0	ГОСТ 9134 бойынша
3 Былғары	Сыздық ұлтанымен	11.0	ГОСТ 9134 бойынша
4 Былғары	резеңке жапсырмалы ұлтан	12.0	ГОСТ 9134 бойынша
5 Былғары, қара кеуектелген резеңке және түрлі түсті	Сыздық ұлтарағымен	10.0	ГОСТ 9134 бойынша
6 Былғары, қара кеуектелген резеңке және түрлі түсті	Сыздық орта табанымен	10.0	ГОСТ 9134 бойынша
7 Былғары (доппелдік әдіс)	дайындамалы ұлтан	12.0	ГОСТ 9134 бойынша

Кесте8

Ұлтандық материал	Бекітудің әдісі	Сыңар аяққиімнің бекітілу беріктігі, н/см кем емес	Сынаудың әдістері
1 Былғары	Бұрандамалық	10,0	ГОСТ 9134 бойынша
2 Резеңке	Сондай	7,0	ГОСТ 9134 бойынша
3 Резеңке	Шегелеулік	9,0	ГОСТ 9134 бойынша

Кесте 9

Аяққиімнің жыныстық топтары	Өкше биіктігі	Өкше бекітілу беріктігі, н/см кем емес	Сынаудың әдістері
1Ерлердікі, балалардікі	Аласа	70,0	ГОСТ 9136 бойынша
2 Әйелдердікі, қыздардікі	Орташа, биік, ерекше биік	50,0	ГОСТ 9136 бойынша
3 Әйелдердікі, қыздардікі, оқушылардікі	Аласа	60,0	ГОСТ 9136 бойынша
4 Балалардікі, кіші балалардікі	Аласа	40,0	ГОСТ 9136 бойынша

4.2.42 Дайын аяққиімде: тұмсығының және артқы сіріліктің жұмсақтығы; ұлтанның кейбір жерлерінің желімделмеуі; жаман қалыптасқан өкше және тұмсық бөлшектері және өңінің нысанының өзгеруі; жыртылған астар және аяққиімнің ішіндегі бүрмелерінің тегістелмеуі; аяққиімнің бөлшектерін тесіп өткен зақым; бояуының түсуі рұқсат етілмейді.

4.2.43 Таңбалау және орау ГОСТ 7296 бойынша:

а) әзірлеуші - кәсіпорының тауарлық таңбасын;

б) өлшемін (номері);

в) толықтығын;

г) шығарылған күнін;

д) аяқ киім түрлеріне сәйкес тағайындалған стандарттың номерін қондырумен іске асырылады.

4.2.43.1 Әр сынар аяқ киімнің түмсығының ішіне аяқ киімнің нысанын бұзбаудан сақтайтын ығыспайтын картоннан қаңқа салынып қойылуы керек.

4.3 Қауіпсіздік талаптары

4.3.1 Хромдық, жасанды және синтетикалық былғарылармен, тоқыма материалдармен сондай-ақ жоғарыда түгендеп шыққан материалдармен құрастырылған былғарылармен жұмыс істеуде ГОСТ 12.1004 бойынша өрттен сақтану тәртібін кадағалау керек.

4.3.2 Өрт сөндіру құралдары жұқа тозаңдандырылған су, көбік болып табылады.

4.3.3 Жұмыс істеу ауқымының ауасында шаңның шоғыры ГОСТ 12.1.004 бойынша 2мг/куб.м шектігінде.

5 Кабылдау ережесі

5.1 Партиясын анықтау, көлемін сұрыптау ГОСТ 9289 бойынша. Үлгіге сәйкс келмейтін аяққиім қабылданбайды.

6 Сынау әдісі

6.1 Зертханалық сынаулар үшін үлгілерді сұрыптау - ГОСТ 9289 бойынша және КР ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес.

6.2 Дайындама тігістерінің беріктілігін анықтау ГОСТ 9290 бойынша.

6.3 Алдынғы сірінің және құлшінің жалпы қалдықты нысанының өзгертуін анықтау ГОСТ 9135 бойынша.

6.4 Табан бөлшектерінің бекітілу беріктігін анықтау-ГОСТ 9134 және ГОСТ 9292 бойынша.

6.5 Өкшенің бекітілу беріктігін анықтау ГОСТ 9136 бойынша.

6.6 Иілгіштігін анықтау-ГОСТ 9718 бойынша.

6.7 Салмағын анықтау-ГОСТ 28735 бойынша.

6.8 Аяққиімнің сыртқы көрінісін үлгі-эталонмен немесе оның дубликатымен салыстырумен анықталады.

6.9 Санитарлық-химиялық зерттеу, әсересе нәрестелер, балалар және кіші балалар аяқ киімін "Балалар аяқ киіміне қойылатын тазалық талаптары" негізінде жүргізіледі.

7 Тасымалдау және сақтау

7.1 Тасымалдау және сақтау -ГОСТ 7296 бойынша.

8 Дайындаушы кепілдіктері

8.1 Аяқ киім кәсіпорын өзірлеушінің техникалық тексерушісімен қабылдануы керек. Дайындаушы аяқ киімнің осы стандарттың талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді.

8.2 Былғары ұлтан аяқ киімнің киілуінің кепілдік мерзімі - 40 күн, ұлтаны "кожволон", "стиронип", "транспоренит" резеңкеден - 60 күн, ұлтаны кеуектелген резеңкеден ерлер және әйелдер аяқ киімі үшін - 70 күн, - барлық қалған жыныстық топтарға және ұлтарағы былғарыдан, табанына резеңке жапсырмалық сауда бөлшегінде сатылған күннен бастап және маусымның басталу кезеңінен бастап- 45 күн.

А қосымшасы
(міндетті)

Библиография

[1] Балалар аяқ киіміне қойылатын тазалық талаптары, № 7.05.003-97 - 23.04.1997жылынан.

[2] А.Н. Калита. Аяқ киімші мәліметшісі.М.:Женіл өнеркәсіптұрмыс баспасы, 1988.

[3] Д.С. Мурванидзе. Аяқ киімші мәліметшісі. Т2. М.:Женіл өнеркәсіп,1964.

[4] Т.П.Швецова Аяқ киім технологиясы. М.: Женіл және тамақ өнеркәсібі,1983.

[5] В.К.Фукин, А.Н.Калита. Тері өнімдерінің технологиясы. М.: Женіл өнеркәсіп тұрмыс баспасы, 1988.

[6] Ю.П. Зыбин. Тері өнімдерінің технологиясы. М.:Женіл өнеркәсіп, 975.

[7] А.С. Шварц, Ю.М. Гвоздев. Тері өнімерінің химиялық технологиясы. М.: Женіл өнеркәсіп тұрмыс баспасы, 1986.

ӘОС 685.31.02 (075.3) **СМС**

Түйінді сөздер: аяқ киім, өлшем, түрі, үлгісі, толықтығы, бекіту әдісі, өкше, қалып, ұлтарақ, астар.

Ескертулер үшін



ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ОБУВЬ МЕХАНИЧЕСКОГО ПРОИЗВОДСТВА
Общие технические условия

СТ РК 1059 - 2002

Издание официальное

Комитет по стандартизации, метрологии и сертификации
Министерства экономики и торговли Республики Казахстан
(Госстандарт)

Астана

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН Техническим Комитетом № 2 ЗАО НТИЦ «Легпром».

2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ приказом Комитета по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства экономики и торговли Республики Казахстан от 19 июля 2002 года № 240

3 СРОК ПЕРВОГО ПЕРЕСМОТРА 2007 год
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ 5 лет

4 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ

